



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына***2022 жылғы 29 сәуірдегі № ДС-155 хатқа***Құрметті депутаттар!**

Сіздердің ұлттық идеология концепциясына және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге қатысты депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мемлекеттік идеология қоғамдық келісім, ұлттық бірегейлік, экономикалық даму, қуатты мемлекет құру және т.б. құндылықтары аясында жүйелі іске асырылып келеді.

Атап айтқанда «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтуға, азаматтық қоғамның жүйесін жаңғыртуға, жаңа қазақстандық патриотизмді дамытуға бағытталған.

«Рухани жаңғыру» және Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламалары аясында ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтауға, ұлттық кодты, рухты, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты дәріптеу, жас ұрпақтың бойында рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру бойынша кешенді шаралар іске асырылуда.

Осы бағыттағы жұмыстардың жалғасы ретінде «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (бұдан әрі – Ұлттық жоба) әзірленіп, бекітілді.

Ұлттық жобада «Рухани жаңғыру» құндылықтарын ілгерілету, мемлекеттік тілді дамыту, «Ел Рухы», «Тәуелсіздік ұрпақтары» бағыттары қарастырылған. Ұлттық жобаны іске асырудан күтілетін ең басты нәтижелердің бірі ретінде қоғамның мәдени деңгейін көтеру көзделген.

Оның ішінде «Ұлттық тәрбие» идеологиялық платформасын іске асыру арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық ерекшелігіміз жайлы орнықты ұстаным, ұлттық құндылықтарымыз, идеалдарымыз жайлы жүйелі көзқарас қалыптастыру міндеті белгіленген.

Қазақстан Республикасы Конституцияның 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылады.

Осындай норма «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының 4-бабында да көзделген. Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді. Қолданыстағы заңнамада мемлекеттік тілдің мәртебесі нақты көрсетілген.

Мемлекеттік тіл саясатын қалыптастыру, мемлекеттік тілді дамыту, халықты мемлекеттік тілге оқыту, оны әдістемелік қамтамасыз ету және т.б. міндеттерді Білім және ғылым министрлігінің ведомствосы Тіл саясаты комитеті мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) жүзеге асырады.

Сонымен қатар Комитет қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі рөлін күшейтуге қажетті әдістемелік, ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық жұмыстардың жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық саясатты тиімді және сапалы іске асыруда бұқара ақпарат құралдары жұмысының форматын қайта қаралды. Шекара маңындағы елді мекендерді отандық телевизиямен және радиохабармен қамти отырып, цифрлық эфирлік телерадионы енгізу жобасын іске асыру жалғасуда.

Мемлекеттік телеарналардың қызметін жетілдірудің жаңа тәсілдері әзірленді. Ондағы мемлекеттік тілдегі контенттің сапасын арттыру мақсатында жыл сайын мемлекеттік тапсырыс аясында 50-ге жуық телесериал, 200-ден астам деректі фильмдер мен роликтер әзірленуде. Нәтижесінде соңғы жылдары қазақ тілді контентке сұраныс артып, мемлекеттік тілдегі телеарналар үздік 10-дықтың қатарына енді.

Қазіргі кезде еліміздің азаматтығын алғысы келетін шетелдіктерге Қазтест жүйесі бойынша В1 орта деңгейде қазақ тілін меңгеруін, Қазақстан тарихы мен заңдарының негіздерін білуін анықтайтын тестілеуді жүзеге асыру бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылуда.

Жалпы аталған бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Ә. Смайылов**